

Шыңғырлау ауданы Қызылкөл селолық округінің Қопа жайлауына карантин режимін енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Қызылкөл селолық округі әкімінің 2012 жылғы 18 қазандағы № 11 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 5 қарашада № 3104 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Қызылкөл селолық округі әкімінің 2012 жылғы 19 қарашадағы № 12 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Қызылкөл селолық округі әкімінің 2012.11.19 № 12 Шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Шыңғырлау аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2012 жылғы 25 қыркүйектегі № 141 ұсынысы негізінде және жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында

ШЕШІМ

ЕТЕМІН:

1. Шыңғырлау ауданы Қызылкөл селолық округінің Қопа жайлауында ірі кара малының арасында қарасан ауруының шығуына байланысты карантин режимін енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимі белгіленсін.

2. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Шыңғырлау аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды алу ұсынылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қызылкөл селолық округі әкімі аппаратының жетекші маманы, малдәрігері Н. Таужановқа жүктелсін.

Қызылкөл селолық округі

әкімінің міндетін атқарушы Қ. Ғ. Искалиев

КЕЛІСІЛДІ:

*"Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Ветеринариялық бақылау және
қадағалау комитетінің
Шыңғырлау аудандық аумақтық
инспекциясы" мемлекеттік
мекемесінің бастығы
----- С. Досказиев*

18.10.2012 ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК